

Ұлытау облысының Білім басқармасы
Ұлытау ауданының білім бөлімі
«№14 ЖББМ» КММ

«№14 ЖББМ» КММ-нің
2021-2022 оқу жылында өтілген
тәрбие жұмыстарының жылдық қорытынды есебі

2021 ЖЫЛ

Тәрбие жұмыстарына талдау

Мектептің өзекті мәселесі: оқушылардың білім сапасын арттыру үшін сабақтарда оқытудың әдістерін іздеу және қолдану, рухани және дене бітімдерінің дамуын қалыптастыру

Мектептің мақсаты: білім беру үрдісін ақпараттандыру арқылы білім алушының рухани байлығы, моральдық тазалығы, бәсекеге қабілеттілігі, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны дамыту, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде тәрбиелеу

Міндеттері:

1. Ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2. Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;

3. ҚР-ның Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық рәміздерге деген құрмет көрсету;

4. Әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

5. Бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

6. Бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

7. Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру; т.б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру, білім берудің бірлігі, тәрбиелеу және дамыту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады.

Білім беру – бұл тәрбие мен оқытудың біртұтас жүйесі, бұл екі құрамдас бөлікті бөлуге болмайды. Құнды және жеке тұлғаға бағытталған тәсіл оқу-тәрбие процесінің негізіне жатады. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр. Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әлістемелік нұсқау хат.

2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық адамгершілік, дене дамуының қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы тәрбие саласындағы мемлекеттік жалпы стратегиялық саясаттың мақсаты мен міндетін, тәрбие мазмұнының негізгі бағыттарын және оларды іске асыру шарттарын айқындайтын құжат болып табылады. Ондағы берілген 8 бағыт күнделікті қамтылып, мектептің дәстүрлі мерекелері мен әр ай сайын өтілетін айлықтарда көрініс тауып отыр. Бағыттардың әрқайсысына өткен оқу жылында мәлімет бере кеткен болатынын. Биылғы жылы жеке-жеке тоқталмай, басты назарда ұстауды көздеп отырған бағыттарды атай кететін болсам:

1.Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

2.Рухани –танымдық тәрбие;

3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет;
6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
7. Көп мәдениетті, көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының мектепшілік жалпы жоспары, ата-аналармен жұмыс жұмыс жоспары, Құқық және тәртіп бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарлары бекітіліп, мектептегі сынып жетекшілер әдістеме бірлестігі жоспар бойынша жүргізіліп отырды.

Ұйымдастыру жұмыстары бойынша: маусым – тамыз айларында мектепшілік тәрбие жұмысының жалпы жоспарын жана оқу жылына әзірлеу, бекіту жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жұмыс жоспарын бірлестік жетекшілері әзірледі. Қыркүйек айының басында әлеуметтік педагог Айбек Ермағанбет ата-аналармен жұмыс жоспарын әзірледі. Тәрбие ісінің меңгерушісі Есенгелді Оразбаев сынып жетекшілердің тәрбие жұмыс жоспарын әзірледі.

Бірінші бағыт: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие:

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Бұл бағытта дәстүрге сай 1 қыркүйек күні 2-11 сыныптар арасында алғашқы қоңырау салтанатты шарасы «Тәуелсіздік жетістіктері» атты алғашқы білім сабақтары өткізілді. Жана 2021-2022 оқу жылында мектебімізде 70-ке жуық оқушы мектепке барады. Балаларды 1-сыныпқа қабылдау науқаны кезінде ата-аналардан өтініш түскен. Өтініш берушілердің 100% қазақ тілінде оқуды таңдаған.



Білім күні ұйымдастырылған салтанатты шараға мектеп табалдырығын алған аттаған бүлдіршіндер ғана қатысты. Ал 2-11 сынып аралығындағы оқушыларға тәрбие сағаты өткізілді. Оқу жылында екі ауысыммен білім береді. Осыған байланысты балалар білім ордасында медициналық бетперде тағып, әлеуметтік қашықтықты сақтайды. Бұл қатаң талап бүгінгі салтанатты шара кезінде де ескерілді.

Мектеп директоры Бахытбек Алтынбековтың сөзінше, – Биылғы оқу жылы бірінші сынып қабылдадық. Әр ауысымнан кейін 30 минут кварц жасалынады. Шағын концертке ұласқан мереке кезінде әр балаға әліппе табысталды. Ал шара аяқталған соң, карантин ережесіне сай ата-аналар мектепке кіргізілмеді. Бірақ бұл жағдай олардың көңіл-күйін еш түсіре қойған жоқ. Өйткені оқушылардың дәстүрлі форматқа көшуіне ең бірінші қуанған ата-аналар болатын. 4 баланың анасы Айгүл Жапарова: – Барлық балаға білім алу сапасы жағынан қиын болды. Бәрібір тікелей мұғалімнің өзімен көзбе-көз білім алудың орны бөлек. Ал бастауыш сынып оқушылары болса ұстаздары мен сыныптастарын сағынып қалғанын жасырмады.

Сонымен қатар, 3 қыркүйек күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіні ұйымдастырған «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында сағат 11.00-де мемлекеттік тілде (кириллицада) жалпықазақстандық ашық диктантқа өткізілді. Ашық диктантқа мектеп оқушылары, педагогтар, қызметкерлер қатысты.



“Семей полигонының жабылуына 30жыл” толуына байланысты мектебіміздің 1-11 сыныптарында сынып сағаты өтті. Сынып жетекшілері оқушыларға Семей өңірінде жүргізілген ядролық сынақ және оның зардаптары туралы мәліметтер берді. Қоршаған ортаның ластануы тіршілік иелеріне өте зиян келтіретінін айтып, келешекке табиғат тағдыры өз қолдарында екені туралы мәлімдеді. Семей полигонын жабуга күш салған Н. Ә. Назарбаев, О. Сүлейменов, К. Бозтаев, Х. Матаев, Н. Сабильянов, М. Аймаков сынды қоғам қайраткерлерімен таныстырды, олардың ерліктерін өнеге етті.



Қараша айында «Жерге – тер төгіп, халыққа – қан төгіп қызмет етуден тайсалма» атты Б.Танашеваның ұйымдастыруымен мектеп қабырғасында фотосурет көрмесі өтті. Желтоқсанда «Этнограф, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл» атты сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Келген қонақтарды 10 оқушыдан құралған ұлттық аспаптар оркестрі қос ішектің күмбірімен қарсы алды. Ұлттық құндылықты ұлықтап жүрген ұжымның жаңашылдығымен де танысты. Жас суретшілер галереясы, жасөнерпаздар үйірмесі, қолөнер туындыларының көрмесімен танысты. Мектеп директоры Б.Алтынбеков: «Белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбек жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым, филология ғылымының докторы халқына мол мұра қалдырған жан. 8 монография, бірнеше тарихи-әдеби еңбек пен оқу құралдарының, 400-ден аса ғылыми мақаланың авторы. Халқын ерекше сүйген, ұлтжанды жазушының шығармашылығының шоктығы биік. Берері мол» деп сөзін түйіндеді. Жиынға келушілер оқушылар дайындаған арнайы концерттік бағдарламаны тамашалады. Іс-шара қонақтары ұлт жанашыры Ақселеу Сейдімбектің үлгі болар өмірі мен шығармашылығы туралы ой толғады. Саналы ғұмырын ел ертеңінің жарқын болуына арнаған өр тұлғаның есімі дәріптеген мектеп ұжымына алғысын білдіріп, дайындығын жоғары бағалады.



Ал ақпан айында сынып жетекшілер қазақтың лирик ақыны Мұқағали

Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай іс-шаралар өткізді. Қарасаз жерінде туып, қанатын қатайтып, қысқа ғұмырында өшпестей із, мәңгілік мол мұра қалдырған ғасырымыздың ғаламат ақыны Мұқағали Мақатов ағамызға арналған тарих пәнінің мұғалімі Р.Нағиппарова сабақ беретін сыныбына «Мұқағали Мақатаевтың туғанына-90 жыл» тақырыбында мерекелік тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаттың мақсаты: Ақын өмірі мен өлеңдері туралы оқушылардың жан – жақты білу; Балаларды ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп, көркем оқуға дағдыландыру; Отанды, елді сүйе, имандылыққа, өнерге деген құштарлық сезімін ояту болды.

Мамыр айында тәлімгер Ж.Тамабаева және тәрбие ісінің меңгерушісі Е.Оразбаев, 11-сынып жетекшісі М.Ташенова соңғы қоңырау кешін ұйымдастырды. Іс-шараның тақырыбы «Жас Түлек- 22 -жана Қазақстанның ертеңі» деп аталды.

Салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөздері мектеп директоры Б.Алтынбеков, салтанатты жиынның құрметті қонақтары аудандық ББ нің әдіскері Қ.Брайков, ауыл әкімі А.Мұқышовқа берілді. Биылғы жылғы мектеп үздіктерін марапаттау, оқу жылының аяқталуына байланысты бұйрықты оқу рәсімі директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Бирайковқа берілді. Жас түлектерді құттықтауға осы мектепті бітіріп кеткен түлектер келіп, мектептеріне алғыстарын білдіріп, жас түлектерге ақжол тіледі.

Салтанатты жиында мектеп бітіруші түлектер мектебімізге, ұстазтарымызға, қонақтарға арнап шуақты өлеңдері мен әсем әуендерін арнады. Соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиыны жоспарланған іс-шаралар бойынша толығымен атқарылып, өз нәтижесін берді.



Келесі бағыт «Рухани – танымдық» бағыт болғандықтан, адамның рухани, моральдық – этникалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани – адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру деген мақсаты айқындалған.

Сол себепті тамыз айының отызыншы жұлдызында «Айбары асқақ – Ата заң» атты кітап көрмесі өтті. Ұйымдастырушы мектеп кітапханашысы Г.Баткалова. Оның айтуынша, қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұтырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы Тілдер күні. Тіл қай елде болса да кастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. "Ахмет Байтұрсынұлы және Мәңгілік ел мұраты» атты мерекелік апталық аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай "Тіл мәртебесі,ел мәртебесі" атты мемлекеттік мәртебесін қалыптастыруға, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, тілін, елін сүйе білуге үйрету мақсатында 7-8сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өтті. Ұйымдастырушы: Ташенова М.С



Қыркүйек айында мектебіміздің дебат клубы "Сарыарқа дарыны" аймақтық ғылыми-практикалық орталығының "Мен пікірсайысшымын!" атты челленджін қабыл алды. Сонымен қатар, "Жасөспірім" атты құқықбұзушылықтың республикалық жедел алдын алу іс шара жоспарына сәйкес жоғары сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылды.



Құқық бұзушылық
міндеттер нормасын бұзатын,
шынға қайшы іс - әрекеттер



Ұстаздар күніне орай "Ұстаз-ұлы тұлға" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараға мектебімізге еңбегі сіңген ардагер ұстаздарымыз қатысты. Мектеп

директоры Б.Алтынбеков барлык ұжымды, ардагер ұстаздарды және жас мамандарды мерекемен құттықтады. Мектепке жанадан жұмысқа қабылданған жас мамандар ант қабылдап, өз өнерлерін көрсетті. Жас ұрпаққа үлгі болатын ардагер ұстаздарымыз жас мамандарға өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, шығармашылық табыс пен сәттілік концертпен ұласты. Сонымен қатар, мектеп оқушылары да мұғалімдерге бір күндік демалыс берді. Әрбір оқушы өзіне тиесілі сабаққа жоғары деңгейде дайындалып, бар білгенін өзгеге түсіндірді.

Ұстаздар мерекесіне орай өткізілген өзін-өзі басқару күнінде білім ошағының жоғары сынып оқушылары өзге сыныптың балаларына дәріс өткізді. Тіпті мектеп директоры, оқу, тәрбие ісінің меңгерушілері таңдалды. 11 сынып оқушысы Кабен Токтархан мектеп директоры қызметін атқарды. Токтархан: «Менің түсінгенім мектеп директорының рөлін атқару қызықты жұмыс болса, қиын жұмыс. Себебі, мектебімізде оқушылар саны көп. Сабақтардың жүйелі өтуін қадағалау. Және ұстаздармен жақсы қатым қатынаста тіл табыса алу үлкен жауапкершілік. Күрделі жұмысты маған сеніп тапсырғамына алғысымызды білдіргім келеді», - дейді.



Оқушылар өзін-өзі басқару күні арқылы тәжірибие жинап, жауапкершілікті сезінді. Атаулы күнге орай мектептің бастауыш сынып оқушылары сүйікті ұстаздарына арнап, өлең жаттап келді. Білім беру басқармасының тапсырмасымен өткен өзін-өзі басқару оқушылар үшін және де ұстаздар үшін де қызықты өтті. Тақта алдында сабақ өткізіп, білім берген оқушылар болашақта ұстаздық жолды таңдауы да мүмкін.

1 Қазан Халықаралық Қарттар күніне орай мектеп оқушылары мен аға тәлімгер Тамабаева Жаннаның ұйымдастыруымен Нурмугумбетова Мусахан әжені қарттар күнімен құттықтады.



Екі мерекеге орай мектеп әкімшілігі ұжым атынан қарт ұстаздарды мерекелерімен құттықтайды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай "Кел, балалар, оқылық! "атты апталық аясында ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу мақсатында 11-сынып оқушыларымен "Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған" атты тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Ташенова М.



Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мен парасаттылық құндылықтарын ілгерілетуге "Жемқорлық індет, жою міндет!" атты аудандық сурет салу байқауына қатысқан #14 ЖББМ КММ 10-сынып оқушысы Хамит Нұрсұлтан марапатталды.



Күзгі-қысқы кезеңде су айдынындағы тәртіп ережелері мен қауіпсіздік шараларын сақтау талаптары да назардас ныс қалмады. Оқушыларға бірінші тоқсанның демалыс күндерінде төмендегі ережелерді сақтау туралы талап қойылды.

1. Ешқандай жағдайда мұзға тәуліктің қараңғы уақытында және ауа-райының қолайсыз кезінде шығуға болмайды (тұман, қар, жаңбыр)

2. Су қоймасын төппен өткізген кезде бір-бірінен қашықтықты (5-6 м) сақтау керек.

3. Егер рюкзактар болса, оны бір иыққа іліп қойыңыз, бұл сіздің астыңыздағы мұз құлап кетсе, жүктен босатуды жеңілдетеді.

4. Ата-аналардан балаларды мұзға (балық аулауға, шаңғымен және конькимен сырғанауға) қараусыз жібермеулеріңізді сұраймыз.

5. Су айдындарында орын алатын қайғылы жағдайлардың ең жиі кездесетін себептерінің бірі – алкогольдік мастану. Адамдар қауіпке қарсы тұра алмайды және төтенше жағдайда дәрменсіз болады.

Егер сіз мұз астына түсіп кетсеңіз.

Сіздің әрекеттеріңіз:

- дүрбелең болмаңыз, кенеттен қимыл жасамаңыз;
- мүмкіндігінше терең және баяу тыныс алыңыз, аяқтарыңызбен велосипедті педальдар сияқты үздіксіз қозғалыстар жасаңыз, сонымен бірге көмекке шақырыңыз, өйткені жақын жерде адамдар болуы мүмкін;
- қолдарымызды 2 жағымызға созып, мұздың шет жағынан болса да ұстанып қалуға тырысыңыз;
- мұздың шетіне ақырын жатып, бір аяғыңызды, содан кейін екінші аяғыңызды мұзға лақтыруға тырысыңыз, егер мұз қатып қалса, өткір заттарды (пышақ, шеге) қолданыңыз, баяу жағаға қарай жүріңіз;
- келген жаққа қарай еңбектеніңіз, өйткені бұл жақта мұз беріктігі тексерілген;
- жағаға шығып, тоңып қалмас үшін тоқтамамай қимылдаңыз;
- жүгіріп ең жақын жылы жерге жетіңіз.

8 қараша 2021 жылы сағат 11:00-де "Балаларды вакцинациялау бойынша ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа барлық сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Жиналыста денсаулық сақтау мамандары оқушыларға вакцина салудың маңыздылығы, тиімділігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жезқазған музыкалық колледжінің оқытушысы Ғалым Мұхамедін бастаған топ 9-сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Максаты: "Кәсіптік бағдар бағдарламасын іске асыру аясында өскелең ұрпақты мамандық

әлеміне бағыттау және музыка әлемінің қыр-сырларын меңгеруге кеңес берді.



1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай мектебімізде іс – шара жоспары жасақталып, жоспар бойынша сыныптарда «Заманауи Қазақстан Елбасының көшбасшылығы» сабақтары тақырыбында жалпыреспубликалық ашық сабақтар өтті. Атап айтсақ 10-сыныпта «Ұлт мақтанышы – Елбасы» атты ашық сабағы кең көлемде өтті. Ашық сабаққа Алғабас ауылы әкімі аппаратының өндірістік мәселелер жөніндегі бас маманы қатысты. Сонымен қатар «Елбасы – ел тірегі» атты 6 – 7 сыныптар арасында эстафеталық сайыс ұйымдастырылды. 9 – 11 сыныптар «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбына шығарма жазды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебіміздегі кітапхана ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен ұстаздардың қызығушылығын арттыру, оқырмандарды машықтандыру, тәрбиелеу, кітаптарға қызықтыра білуге үйрету, ұлттық тәрбиеге баулу мақсатында «5 минут кітап оқу» атты іш-шара ұйымдастырылды. Шараға мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары қатыстырылды. Шараның мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әртүрлі ертегі мен аңыз әңгімелер, өлеңдер оқып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Тәжірибеде тапсырманың ұзақтығы емес, жаттығу жұмыстарының жиілігі маңызды. Бастауыш сынып оқушыларын кітапты ұзақ уақыт бойы соңына дейін оқуға отырғызып қоюға болмайтындығы ескерілді. Ұзақ оқу баланы шаршатып жалықтырады, екіншіден, оның оқуға деген ынтасын жоғалтатындығы мәлім. Сондықтан 5 минуттан бірнеше бөліп оқытса, әлдеқайда тиімді.

Осындай жаттығулардың тиімділігі бір сағаттық жаттығуларға қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі басты назарға алынды. Оқушылар «әлемbook» баспасынан жарық көрген ертегілерді қызыға оқыды. Сонымен қатар, «Аруна» баспасынан шыққан ертегілерді сүйіп оқып, бір-бірімен алған әсерлерімен бөлісті. Және әңгімеден түсінген ойын қағаз бетіне түсіріп, көркем суретпен бейнелеуді әдетке айналдырды.



"Түнгі мезгілдегі балалар" атты рейд ұйымдастырылды. Мақсаты – кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ету, түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде заңды өкілінсіз жүрмеуін тұрғындардың (ата-аналардың) есіне салу.

Көшеде жүрген мектеп оқушыларын анықтап, оларға ескерту жасау. Шара барысында рейдке қатысушы мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп инспекторлары алдын ала жиналып, аралайтын бағыттарды анықтап, іс-шара мақсатын айқындап, бірнеше аймақтарға бөлініп, рейдтің негізгі мақсатын орындады.

Сондай-ақ, рейд барысында көшедегі кездескен жасөспірімдерге, ата-аналарға арнайы дайындалған үн парактар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аралау барысында үн парактар таратылып, түсіндірме жұмыстары тиісінше жүргізілді.



1-сынып оқушыларының қатысуымен «Қош бол, сүйікті әліппе!» атты ертеңгілік өтті. Ертеңгілікте оқушылар Отанға, Қазақстанға, ұстазға, анаға, әліппеге арналған жыр шумақтарын мәнерлеп жатқа оқыды. Оқушылар әзірлеген «Әліппе мен Білмесбек» көрінісі, «Әліппе» хоры, мың бұралған бишілер және балалардың ағылшын тілінде шырқаған әндері ертеңгілікке ерекше сән берді. Одан соң оқушылар жұмбақтар шешті, математика және дүниетану пәндері бойынша сұрақтарға жауап берді.

Балалардың білімді, елін, жерін сүйетін патриот, жаны ізгі боп өсуіне бірден-бір ықпал ететін — алғашқы ұстаздары. Шара соңында барлық бірінші сыныптың ата-аналары балаларының қолына алғаш қалам ұстатып, әріп үйреткен ұстазына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.



Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ІІІ-дәрежелі дипломы "Web-мастер" жобасы аясында өткен "Сайт құру" облыстық байқауының жүлдегері мектебіміздің мұғалімі Бираяков Қалижан Қабылбекұлы марапатталды.

Сондай-ақ оқушылар үшін «Қыс қызығы» атты қызыққа толы апталық ұйымдастырылды. Оқушыларды табиғатқа жанашырлық танытып, экологияға үлкен мән беруге баулу мақсатында өткізілген шараға білім ордасының оқушылары мен ұстаздары түгел қатысты. Қызықты шараның ашылуына мектеп директоры Б.Алтынбеков оқушыларға құттықтау тілегін айтып, сәттілік тіледі. елде орын алған жағдайға байланысты әр сынып өз алдына жұмыстанды. Алғашқы күні бірінші сынып оқушылары «Қыс қызығы» атты сурет көрмесін ұйымдастырса, екінші күн «Тез ойлан, тез шығар, сізден бұрын кім болар?!» атты қызыққа математика жарысына екінші сынып оқушылары қатысты.

Ал тамаша апталықтың үшінші күнінде оқушылар «Біз құстарға камқормыз!» атты акцияға қатысты. Оның барысында үшінші сынып оқушылары қыстап қалатын құстарға ұя жасап, жем салып, камқорлықтарын көрсетті. Бүлдіршіндердің қызығушылығын оятып, ұмытылмас сезім сыйлаған шара болды. Білім алушылардың шығармашылығын шырдауға да үлкен көңіл бөлетін мектеп ұжымы шәкірттердің көңілерге қызығушылығын ояту мақсатында оқушылар жасаған бұйымдардың көрмесін өткізді. Ал апталықтың бесінші күні «Мен суретшімін!» айдарымен «Қарға сурет салайық!» атты ұжымдық сайыс өткізілді. Оған қатысқан оқушылар аулаға шығып, қарға түрлі суреттер салды. Қызыққа толы бір апта қорытындысында үздік оқушылар мен белсенді шәкірттер марапатталды.



Қыс қызығы атты көрмесі



Мектеп директоры Бахытбек Алтынбекұлы, оқу ісінің орынбасары Қалижан Қабылбекұлы және математика пәні мұғалімі Гүлшара Күйкентайқызы өздерің есебінен аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балаларына Жаңа жыл 2022 мерекесіне орай ертеңгіліктер сыйлады. Жаңа жылды ерекше күтетін балаларға аяз ата мен ақшақар келіп, сыйлықтарын табыстады. Мектеп директоры Б.Алтынбеков: « Біз бүгін ерекше балалар мен аз қамтылған отбасылардың балаларына арнап, жаңа жылдық сыйлықтарды үлестірдік. Шырша құрдық. Бірақ, елдегі пандемияны ескеріп, балаларды санап шақырдық. Бұрынғыдай мерекелік шоу болмады. Қалай болғанда да балаларымыз елеусіз қалмасын деп осылай жасадық. Балалардың көңілін көтеріп, олардың жүзінен күлкі көргеннен артық бақыт бар ма?... Баршаныңды келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Әр отбасына амандық-саулық тілеймін» деді. Карантин жағдайын ескерілді. Ал, қалған сыйлықтардың барлығын балалардың үйлеріне апарып табыстады. Жаңа жыл қарсаңында балаларға қуаныш сыйлап, балаларға сыйлық табыстау біздің дәстүрімізге айналған, - дейді ұстаздар.



Желтоқсанның 27-28 күндері 1-11 сынып оқушылар арасында жаңа жыл мерекесі өткізілді. Мереке қарсаңында мектеп акт залы әсем безендіріліп шырша құрылды. Мектептің безендірілуіне және мерекенің өтуіне 9-11-

сынып оқушылары белсене қатысты. Мерекелік бағдарлама барысында жаңа жылдық көріністер қойылып, көңілді флешмоб өткізілді. Оқушылар қызықты қойылымдар тамашалап, ән айтып, би биледі. Аяз ата мен ақшақар оқушыларға арнайы тәтті сыйлықтар таратып, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады. Жиналған қауым өте жақсы көңіл күйде болды. Нәтижесінде, мектебіміздің жаңа жылдық мерекесі «өте жақсы» деңгейде өтті.



"Қазақстан балалары - қысқы ертегі" - қысқы каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру негізінде жоспарлы жұмыс бағдарламасы аясында " Жаңа жылдық серпантин" би марафоны ұйымдастырылды.

Каникулдық іс-шаралардың мақсаты: қысқы демалыс кезеңінде балалар уақытының тиімді қамтылуын ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, шығармашылық, спорттық, көшбасшылық бағдарламаларды іске асыру.

Сондай-ақ, 25.01.22 жылы сағат 11:30 да "#14 ЖББМ" КММ-де Ұлытау аудандық полиция бөлімі бастығының кадр ісі жөніндегі орынбасары полиция майоры Марлен Максұтұлы Оспанов бастаған жұмыс тобы мектебіміздің 10-11 сынып оқушыларымен "Кәсіптік бағдар" бағдарламасы аясында мектеп бітіруші түлектерге болашаққа мамандық әлемін таңдау үшін "Бейсенов атындағы Қарағанды заң академиясына" оқуға түсу талаптарын түсіндірді.

Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мектебіміздің медагасы Абай Болатбекұлы “Қазақстан” ұлттық телеарнасының медициналық бағытта шығатын “Теледәрігер” бағдарламасына “Адам сүйегінің құрылымы” туралы сұхбат берді.



Математикалық мәдениетті қалыптастыру, математикалық сауаттылықты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтар мен оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында 25 қаңтарда «Математика айналамызда» математикалық сауаттылық апталығының ашылуы салтанатты түрде өтті. Іс-шараның бірінші күні «Математика адам өмірінде» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Оқушыларды математикалық тапсырмаларды орындауға тарту; математика бойынша білім деңгейі жоғары білім алушыларды анықтау; оқушылар арасында математиканың өмірдегі маңыздылығын насихаттау; білім алушыларды өз бетінше жұмысқа тарту, олардың математикаға қызығушылығын арттыру; математикалық қабілеттері бар білім алушыларды анықтау, математикалық ғылымдарды тереңдетіп оқуға ұмтылу; математика саласында білім алушыларды дамыту үшін педагогикалық технологиялар банкіні қалыптастыру барысында түрлі байқаулар, кездесулер, танымдық іскерлік және квест-ойындары өткізілетін болады.



Айта кету керек, мектебімізде Сәтбаев қаласының "Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы" ұжымымен тығыз қарым-қатынас орнаған. Бүгін

мектеп математиктері зум платформасында гимназия математика пәнінің мұғалімі Тургынбаева Алия Кылышбековна өткізген воркшопка қатысты. Әрқашан тәжірибе алмасып, әдістемелік көмек көрсетіп келе жатқан гимназия ұжымына алғыс айтамыз.



"Математика біздің айналамызда" математикалық сауаттылығы апталығының іс-шара жұмысына сәйкес "Өнегелі өмір жобасы" аясында 10-11 сынып оқушылары математика, информатика пәнінің мұғалімі, ақпараттық технологиялар завучы, тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай төсбелгімен марапатталған ұлағатты ұстаз Алменова Ақтөре Төленқызымен кездесу ұйымдастырды. Мақсаты: математикалық мәдениетті қалыптастыру, мамандық таңдауға бағыт беру, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Кездесу барысында оқушылар ұстаздарына өз ойларын да жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Ұйымдастырған математика пәнінің мұғалімдері Жумабекова С.Бастова К.



Қарағанды облысы білім басқармасы білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес "Цифрлық әлем" ақпараттық сауаттылықты дамыту апталығы аясында мектебімізде "Компьютерлік тәуелділіктің пайдасы мен зияны" атты дебат өтті.

Мақсаты: Компьютердің зиянды жақтары мен, пайдасын айту. Компьютер пайдалану қауіпсіздігімен таныстыру. Өмірде қолдануды қалыптастыру. Еркін сөйлеп, өз ойын басқаға жеткізуге дағдыландыру.

Шығармашылыққа баулу. Компьютерлік сауаттылықтан ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Дебат соңында instagram тобы 1-орынды, facebook тобы 2- орынды иеленді. Сондай- ақ өз ойларын ашық жеткізе білген оқушылар Сабырбай Нұрайым алтын, Қабен Токтархан күміс, Токсан Аяужан қола жүлдегерлері болып марапатталды. Ұйымдастырушылар: Баткалова Г, Төрегелдиева З, Ташенова М.



21 ақпан күні мектеп қабырғасында “Дені саудың, жаны сау” дене шынықтыру апталығы барысында мектеп оқушыларының үстел теннисі ойнау сәтінен.



Облыстық “Ауыл-кала” жобасы аясында ұйымдастырылған “Білім кеңістігі-мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен оқушының жетістікке жету негізі” тақырыбында “Өркен”ММИ-ның ұйымдастырған әдістемелік семинары өтті. Семинар өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Әлия Сүлейменқызы бастаған білім ордасына тек өсу мен шығармашылық табыс тілейміз.

Сонымен қатар осы білім ұясында ұстаздық қызмет атқарып жүрген оқушымыз Ақбота Аманжолқызы Омарованы көріп, оның шәкірттерінің өнерімен таныстық. Шәкіртіміз Ақбота Аманжолқызына ұстаздық жолына сәттілік тілейміз!



4 наурыз күні 8- наурыз - Халықаралық әйелдер күніне өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша іс-шаралар атқарылды. 4 наурыз күні мектептің бірінші қабатына еңбек пәнінің мұғалімі Б.Егеубаевтың ұйымдастыруымен көрме қойылды. Көрмеде оқушылардың жасаған қол өнерлерінің туыдалары көрсетілді.

5 наурыз күні «Ана-өмір, ана-бақыт, ана-гүл» тақырыбында 7 сыныбы сынып жетекшісінің басшылығымен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында өлең шумақтары оқылып, ән айтылып, би биледі. Қонаққа оқушылардың аналары шақырылып, балалар өздерінің қолымен дайындаған сыйлықтарын алып, мерекелік кешті тамашалап қайтты. Ашық тәрбие сағатына мектеп ұстаздары да қатысты. 7 сыныбының қыздары және шақырылған аналары қатыстырылды. 3 қыз 1-2-3 орындарды иеленсе, қалған қыздар әртүрлі номинацияларға ие болды. Оқушылар өздерінің қолдан жасалған қолөнерлерін аналарына тарту етті.

4 наурыздан бастап барлық 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілерінің жауапкершілігімен сынып сағаттары өткізілді. 7 наурыз күні 1 ауысымда сабаққа келген ұстаздарымызды 8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен мектеп директоры Б.Алтынбеков, 11-10 сынып оқушыларының ұлдары және мектеп әкімшілігі құттықтап, гүл шоқтары ұсынылды. 7 наурыз күні педагог ұйымдастырушы 5-10 сынып оқушыларының ұйымдастырумен мерекелік кеш болып өтті. Мерекелік кеште аналарымыз, педагогтарымыз ерен еңбектері үшін мақтау қағаздарымен марапатталды.



АОД жетекшісі Аман Рымханұлы 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен өзінің сынып жетекшісі болған қарт, зейнеткер ұстаз Сарсенбаева Жанат Серікбайқызын құттықтады және облыстық білім басқармасының және

Ұлытау ауданы білім бөлімінің құттықтау хатын табыс етті. Ал Оразбаев Есенгелды Хамитұлы 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен зейнеткер ұстаз Бахиева Рысқұл Ариурашитқызын құттықтады және облыстық білім басқармасының және Ұлытау ауданы білім бөлімінің құттықтау хатын табыс етті. Әлеуметтік педагог Ермағанбет Айбек Сабырбайұлы мектебіміздің атынан қарт, зейнеткер ұстазды Үміш Алтынбекқызын құттықтады және де Облыстық білім басқармасының және Ұлытау ауданы білім бөлімінің құттықтау хатын табыс етті. Мектеп директоры Алтынбеков Бахытбек арнайы Жезқазған қаласына келіп қарт зейнеткер ұстаз Рысбекова Айнагүлді өз атынан және мектеп ұжымы атынан 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтады және арнайы Қарағанды облысы білім басқармасының және Ұлытау ауданы білім бөлімінің 8-наурызға берген құттықтау хатын табыс етті.



4-ші наурыз күні 22-наурыз қазақтың жаңа жыл мейрамы күніне орай "Амал келді, жыл келді!" атты тәрбие сағаты болып өтті. Максаты: Наурыз- жыл басы, яғни дін мейрамы емес, ұлт мейрамы екендігін тарихи маңызын түсіндіру. Ата бабамыздың жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі туралы түсінік беру. Өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларға наурыз мерекесі наурыз көже туралы түсінік беріп, адамгершілікке, сыпайылыққа, бір-бірін сыйлауға көмектесуге, кешірімді болуға тәрбиелеу. 3"Ж" сынып оқушылары қазақтың жаңа жылы-наурыз туралы көптеген тақпақтар, ән айтып, би билеп, өз өнерлерін көрсетеді. Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.



Сәуір айының әр сенбісінде, яғни 10 сәуірде біздің мектепте мектеп ауласын тазалау бойынша сенбілік өткізілді. Мектеп қызметкерлері сенбілікке ат салысты. Мектеп айналасындағы барлық аумақ тұрмыстық қоқыстардан, жапырақтардан, құрғақ шөптерден, бұтақтардан тазартылып, үлкен жұмыс атқарылды. Көненің көзі ретінде бүгінге жеткен асыл қазыналарды кейінгі ұрпаққа қаз қалпында қалдыруымыз керек. Сол себепті оқушылар қолдарына күрек алып, мектеп ауласын абаттандырды. Бұл - экологиялық айлық аясында ұйымдастырылған 5 шараның біреуі. Алдағы уақытта оқушылар «Ауыл көктемі» аясында мектеп ауласын, ал «Менің сүйікті аулам» шарасында ата-аналарымен сенбілікке шығады. Онан соң «Сурет назар» акциясын өткізеді. Мұнда олар ауылда құрылыс жүріп жатқан аймақтардағы жаяу жүргіншіге қауіп келтіреді деген жерлерді суретке түсіріп, жауапты органға жолдайды. Мәселен, ашық қалған құдықтар. «Жасыл ел-Мәңгілік ел» деп ұрандатқан оқушылар 19-сәуір күні өтетін жалпыауылдық сенбілікке де бір кісідей ат салысты.

Айта кету керек, мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында бүгін "Таза мектеп ауласы" атты жалпы сенбілік өткізілуде. Сенбілікке салауатты өмір салтын ұстанатын, тазалықты сүйетін, ауыл аймақтың, мектептің жасыл желекпен көгалдандыруын қалайтын ұстаздар мен оқушылар белсене қатысуда. Мектеп ауласына талдар отырғызылып, тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар мектеп от қазандығын келесі оқу жылына дайын болуы үшін жөндеу және тазарту: әктеу, сырлау жұмыстары да жүргізілді.



23сәуір дүниежүзілік кітап күніне орай мектеп кітапханасында дөңгелек стол өткізілді. Мақсаты жалпы кітап оқудың кандай пайдасы барын оқушыларға түсіндіру. Кітап -бүгінгі күн тұрғысынан алғанда маңызын жоймаған дүние.Қоғамның сан-салалы мақсаттарының ішіндегі ажырамас бір мақсаты ол- үнемі жас оқырман тәрбиелеп отыру. Бұл оқу орындары үшін де, басқа да қоғамдық ұйымдар үшін де абыройлы әрі үздіксіз жүре беретін міндет болмақ.



1 мамыр мерекесіне арналған іс – шаралар сәуір айынан басталды. Оқушылар арасында «1 мамыр - Халықтар достығы, бірлік, ынтымақ күні» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мектепшілік сурет көрмесіне 1 - 9 сынып оқушылары өз суреттерін ұсынып, үздік деп танылған суреттер көрмеге ілінді және мақтау қағаздарымен марапатталды. «Бір ел! Бір тағдыр!» тақырыбында мектебіміздің кітапханашысы кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрме барысында оқушылар Қазақстан Республикасының ассемблеясы туралы, ұлттар достығы туралы құнды ақпараттар алды.

1-11 сынып аралығында «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қазақстан Республикасындағы халықтардың ынтымақтастықпен, бірлікпен, тең құқықпен өмір сүріп жатқандығын және оны үлгі етіп, әр халықтың салт - дәстүрлерін сақтап келе жатқан қаншама ұлттардың салт - саналарынан хабардар ету мақсатында өткізілген сынып сағаттарында оқушылар халықтар достығы, ынтымақ тақырыбында өз ойларын ортаға салды.